

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қараша N 1393. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.01. N 450 қаулысымен. ~P970450

"Жылжымайтын мүлікке құқықтары және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 U952727_ Заң күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 38,

493-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

9-тармақтың 10-тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету";

10-тармақтың 14-тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі